

**Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қамқоршылық кеңес» отырысының Хаттамасы №2**

Жиналыстың өткен мерзімі: 13.11.2023ж.  
Қатысқандар: 12 адам  
Өткізілу форматы: онлайн

**Күн тәртібінде:**

1. Оқушылардың II тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы.
2. Әлеуметтік осал топтан шыққан, отбасылық жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген жанұяның балаларына қажеттілігіне қарай көмек ұйымдастыру
3. Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе бойынша** Әлеуметтік педагог – Ж.Лесбаева оқушылардың II тоқсанға дайындығы, оның ішінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың дайындығы жайында айтып өтті.
2. Күн тәртібіндегі **екінші мәселе бойынша** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Бегайдарова сөз алды. Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету. Ата-аналар акцияның мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, сондай-ақ екінші оқу жартысына дайындық уақыты кезінде ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуін алдын алу. Мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту және көмек қолын созуды ұйымдастыру.
3. Күн тәртібіндегі **үшінші мәселе бойынша** Әлеуметтік педагог – Ж.Лесбаева сөз алып, келесі тоқсанда Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру керектігін атап өтті.

**Шешімі:**

1. Оқушылардың тоқсан бойы сабаққа дайындығы одан әрі қадағалансын.
2. Әлеуметтік осал топтан шыққан, отбасылық жағдайы төмен, аз қамтамасыз етілген жанұяның балаларына қажеттілігіне қарай көмек ұйымдастырылсын.
3. 20 % ыстық тамақ ішуге және өтініштері қанағаттандырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Ж.Т.Ахмедов

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:  Ж.К.Лесбаева

